

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 18/207 "2018 - 2020 жылдарға арналған Қызылсай ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 21/267 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 3669 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына және Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 1 маусымдағы № 20/251 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17/198 "2018 - 2020 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3633 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 18/207 "2018 - 2020 жылдарға арналған Қызылсай ауылының бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3512 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесі мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2018 - 2020 жылдарға арналған Қызылсай ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 249 283 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 6 515 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 73 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 242 695 мың теңге;

2) шығындар - 249 283 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге;
қарыздар түсімі - 0 теңге;
қарыздарды өтеу - 0 теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 0 теңге.";
2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. 2018 жылғы Қызылсай ауылының бюджетіне қалалық бюджеттен 242 695 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін."

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік - экономикалық даму, бюджет, құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Е.Өтеев).

3. "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Ермұханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, қалалық мәслихат хатшысы

С. Мыңбай

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңаөзен қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

А. Манасбаева _____

14 маусым 2018 жыл

Қызылсай ауылының әкімі

Б.Изджанов _____

14 маусым 2018 жыл

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018 жылғы

14 маусымдағы № 21/267 шешіміне қосымша

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы

27 желтоқсандағы № 18/207 шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Қызылсай ауылының бюджеті

Санаты		
--------	--	--

Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші сыныбы		
1		2	3
		1. Кірістер	249 283
1		Салықтық түсімдер	6 515
	01	Табыс салығы	754
	2	Жеке табыс салығы	754
	04	Меншікке салынатын салықтар	5 761
	1	Мүлікке салынатын салықтар	139
	3	Жер салығы	122
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	5 500
2		Салықтық емес түсімдер	73
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	73
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	73
4		Трансферттердің түсімдері	242 695
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	242 695
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	242 695
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бюджеттік бағдарлама		
1		2	3
		2. Шығындар	249 283
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	32 308
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 308
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32 308
04		Білім беру	162 817
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	162 817
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	162 817
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	960
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	960

	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	960
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 331
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 331
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	22 331
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	30 867
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30 867
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	30 194
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	673
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0